

## Арыс қаласының көшелеріне атау беру туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 18 сәуірдегі № 92 қаулысы және Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 30 наурыздағы № 11/118-VI шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 мамырда № 4085 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңы 11-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес, Арыс қаласы тұрғындарының пікірін ескере отырып және Республикалық ономастика комиссиясының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы қорытындысы негізінде Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласының көшелеріне мынадай есімдер берілсін:

Көктем 2 шағынауданының № 2 көшесіне – Әбіл Жұпарбековтің есімі;

Көктем 2 шағынауданының № 3 көшесіне – Сапарбай Балабаевтың есімі;

Көктем 2 шағынауданының № 4 көшесіне – Яхия Ысқабаевтың есімі.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Ж.Түймебаев*

*Облыстық мәслихаты*

*сессиясының төрағасы*

*С.Қуашбай*

*Облыстық мәслихатының хатшысы*

*Қ.Балабиев*

*Д.А.Сатыбалды*

*Ә.Е.Тұрғымбеков*

*Ж.Қ.Бөкенбаев*

**Б.С.Жамалов**

*Е.Ә.Садыр*

*Ұ.Сәдібеков*

*А.С.Сәбитов*

*К.Н.Меңдебаев*